


Айтақын Әбдіқал

1 200 ₺
109 к




Ғұмыр-дастан



1 2007 / 109 к

Айтақын Әбдіқал

Ғұмыр-дастан



РИИЦ-АЗИЯ
АЛМАТЫ – 2006

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің
бағдарламасы бойынша шығарылды.

ББК 84 Қаз 7-5

Ә 14 ✓

Ә 14 Әбдіқал А.

Ғұмыр-дастан: Өлеңдер. – Алматы; 2006 160 бет.


ISBN 9965-9341-8-5

Бұған дейін «Балауса», «Бастау», «Ұшырайын құсымды», «Өмір-кеме» атты жыр жинақтарын шығарып, орыс тілінде жарық көрген «Разбег» ұжымдық кітабына бір топ өлеңдері енген Айтақын Әбдіқал — «Мұқағали» естелік кітабы мен «Мұқағали дастан» деп аталатын зерттеу кітабын құрастырған қаламгер.

Ақынның мына жаңа жыр жинағы адам мен заман, уақыт пен қоғам жайлы, адалдық пен сатқындықты, күштінің әлсізге көрсететін өктемдігін арқау еткен оның азамат ақын ретіндегі дауысын өз оқырмандарына анық танытатын ойлы да сырлы өлеңдерден тұрады.

Жаңа жинақ көпшілік көңілінен шығар деген үміттеміз.

ББК 84 Қаз 7-5



4702250200
00(05)-06

ISBN 9965-9341-8-5

© Әбдіқал А., 2006
© «РИИЦ Азия», 2006

АДАМ МЕН ЗАМАН

* * *

Ей, Заманым!

Сен маған тұлданбағын,
Шындықты ашып айтқаным үшін.
Құла түзде құлазыр мұннан жаным,
Кейде Өмір — базардан құры қол қайтқаным үшін!..

* * *

Жырласам деп көктем сәнін, жаз өнін,
Тартып келем өмір — өлең азабын.
Жүрегіме мұң батқанда жазамын,
Заман сырын тыңдатқанда жазамын.
Шағын ғана Жанартау бар басымда,
Жарып алмай, бар байлығын қазамын.
Өлең — маржан, мен іздеген байлығым,
Сол байлықты саған берем, Қазағым!

* * *

... Сезем...
Кезең... бар сәтті,
Өзен қарсы ақты!..
Арман аңсатты.
Көрдім
Жалған... жаңсақты!..
Күшті езді де,
Жықты «мансапты».
«Заман — «түлкі» деп,
Жаман ар сатты!
Заман — сайқал ғой,
Адам — сайтан ғой,
Шаршатты!..

* * *

Жастық қол бұлғап,
қалып барады.
Салқын, солғын бақ
Нағып қарады?..

Өмірім — қоңыр күз,
Көктемім өткен-ді.
Сезімім, көңіл — мұз,
Тойдым. Жетті енді!

Көктем, жазы жоқ,
Мезгіл — мінгенім.
Сазы, назы жоқ,
Тағдырым — бұл менің...

* * *

Соңымда — сансыз соқпақ, өмір — десте,
Ілестім арман қуып, сенім — көшке.
Бір сүрініп, бір тұрып, ғұмыр кешіп,
Шынымен келгенім бе елу беске?!

Көрдік қой бұл жастағы көбін ердің,
Ал өзім елге, жерге нені бердім?!
Жас едім жақсылықтың жолын күткен,
Ой қуғам толтырсам деп кемін елдің.

Көп еді ой, арманым басымдағы,
Тағдыр ғой... Жолым кейде ашылмады...
Жасаған жақсылығым — селге кетіп,
Жау болды ең жақыным қасымдағы.

Байқасаң, өмір — сайқал... Жалған екен,
Жәудір көз, қайран жастық қалған екен?!
Сезімі — ақ, көңілі — пәк, балғын дәурен,
Мен сені шын сағынып, арман етем!

Ілесіп ізгі сапар — өмір көшке,
Апыр-ау, шын келдім бе елу беске?!
Есігі егделіктің ерте ашылып,
Жастығым кеткені ме көрінбеске?!

ДИАЛОГ

— Мынау өмірде, ақын дос,
Алдандың ба? Жасырма!
Ақылыңа ақыл қос,
Жалған мұңға бас ұрма.

— Алданбайтын бар ма жан,
Талай бармақ тістегем.
Асып кетіп арнадан,
Пенделік те істегем...

— Жылаттың ба біреуді?
Күйдірдің бе ақтан ақ?
Құлаттың ба тіреуді,
Тек өзіңді сақтап ап?

— Мұндай қылық жат маған,
Сүрінгенді сүйегем.
Жол көрсетсе жақсы ағам,
Өзім соған сүйенем.

— Байлық үшін, пайда үшін,
Айтшы, досты саттың ба?
Шын жақынның қайғысын
Тең бөлісіп, жаптың ба?

— Іздегенім — ізгі өмір,
Жалған іске жаным қас.
Бақыт дарып бізге бір,
Болса деймін жаным жас.

* * *

Сайқал заманның,
Сайтан адамның
Қыңыр қылығын,
Немен жабармын?!

Уақыт не дейді?
Обыр көбейді...
Арлы қамығып,
Айып төлейді

Арлы сатпайды,
Жалды таптайды.
Һарам іс көбейсе,
Қайғы қаптайды...

Өмір озады,
Тау да тозады.
Уақыт ертеңге
Қолын созады.

Сайқал заманның,
Сайтан — адамның
Қыңыр ісіне,
Қалай ем табармын?!

* * *

Жастық шаққа жоқ өкпем,
Кештім ғұмыр жалғансыз.
Соқпақ жолдар мен өткен,
Сырын айтты армансыз.

Жасағам жоқ жанға мен
Не қараулық, жамандық.
Өмір — өзен арнамен
Жасап өстім қадам нық.

* * *

Аңқау адам алданып,
Түсер қудың торына.
Өлгі пысық барды алып,
Аттанады жолына...

Түн жамылып ұрылар,
Онай «олжа» тауып жүр.
Ей, бауырым! Ұғып ал,
Арсыз «иттер» қауып жүр.

Тойымсыздар тойынбай,
Басып жатыр байлықты.
Қалтам — тесік, ойым — бай,
Тауып жүрмін шайлықты...

* * *

Сан рет кездестім
Жақсымен, жаманмен.
Иттігін сезбес кім,
Алысса наданмен.

Еңіспен, өрменен
Талай жол өткердік.
Сатқын мен «пендеден»
Қиянат көп көрдік...

Күштілер ездi де,
Алдады сайқалдар.
Мамыражай кезде де
Бүлдірген «сайтандар»

Ар сатқан адамға
Ақылың дәрі ме?
Өзгерген табанда
Қулар көп өлі де...

Әділдік азайтып,
Жылап жүр талайлар.
Келсе өмір ғажайып,
Оны ұрпақ абайлар...

Бар тірлік — саудада,
Лыпылдап алдайды.
Келісім, дауда да
Аярлық қалмайды.

Қашанғы осылай
Өтеді тіршілік?!
Не айтам, досым-ай,
Бос шаршап, күрсініп.

Заманым — «түлкі» деп,
Тазы — ит боп жеттік пе?
Шығайбай дүркіреп,
Шын «Бай» боп кеттік пе?

* * *

Ғұмыр кешкен жан едім үмітпенен,
Бірде еніс, бірде өрмен жүріп келем.
Байлығы жоқ адамнан бәрі қашқан,
Мына сайқал заманнан күдіктенем?!

Іздеп ем пәк сезімнен көңіл емін,
Сенбейтін тұстарда да сеніп едім.
Қарсыласты шын аяп, жеңіліп ем,
Сезіп, біліп тұрсам да жеңілерін.

Сүрінгенді сүйесем — деп тіледім,
Айтсам дедім тартынбай көп тілегін.
Өстім жүріп сан соқтым қаншама рет,
Өзгеге «олжа» — еңбегім кетті менің!

Шыным осы. Өмірде жиі алдандым,
Арман қудым. Ой толғап, қиялдандым.
Ойдан тапқан бақ та жоқ, байлық та жоқ,
Осыны ойлап кей тұста ұялғанмын...

* * *

Кештім ғұмыр,
Көрдім ақ пен қараны.
Айлар, жылдар —
өмірімнің парағы.
Көктем өтіп,
Жазым қалып артымда,
Қоңыр тағдыр
Күзге айналып барады.

* * *

Осы жасымда
Нені аңғардым?
Иә, расында,
Кімнен алдандым?
Сырын ұқтым ба,
Шолақ жалғанның?..
Жыр ма, шық — мұң ба,
Артта қалған күн?
Уақыт — сынап қой,
Сусып ағады.
Өмір — бұлақ қой,
Арна табады.
Ал, біз — пендеміз,
Қуанған, жылаған.
Сендіріп, сенгеміз,
Құлатып... Құлаған!?

* * *

Бүгін бармыз...
Кім біледі күні ертең?
Кімнің қалай күн кешерін,
Кімге кімнің миңгесерін...
Кімнің-кіммен тілдесерін.
Мынау жалған — бес күндік қой,
Адам танып, білмес емін!
...Егер бәрі жалған болса,
Ғұмыр кешіп жүрмес едім.
Тірі өмірім — тозақ болса,
Қуанбас та, күлмес едім.
Өмір — сайқал,
Адам — сайтан,
Ешкім өлшеп,
Білмес емін!..

* * *

Құзғын көмей обырдың
Ісі бар ма өнерде.
Пайда қуған тобырдың
Ертеңіне сенем бе?..
Жолы болып кей қудың,
Қалды естілер төменде.
Қалтаң қалың болмаса,
Сенбей қалдым мен бүгін
Шындықты ашам дегенге.

* * *

«— Қаржың бар ма? Бар болса саспа, бала,
Қазір бәрін шешетін — ақша ғана.»
Тегін байлық иесі таптап езіп,
Көлден безген аққу мен ақ шағала.

Түншықтырған шындықты — арам ақша,
Арам ақша жарайды жарамасқа.
Бір обыр кеп барлығын алса сатып,
Онда саған жер басқа, дала басқа...

* * *

Кешкен ғұмырым —
Жолдардай бұралаң.
Өмір соқпақ қой,
Бір озып, бір қалып,
Шыңға өрлеп, ұмтылып,
Талықсып құлағам...
Қанды қол мерт қылып,
Шынартал — ұлымды.
Қамығып, тарығып,
Қан жұтып жылағам.
Өкініп... ақыры бекініп,
Алладан жалынып,
Жақсылық сұрағам.
Не шара, жазмыш қой.
Бөріне көнеді,
Бұл Адам.
Қуансын ләйім
Жан болса жылаған.
Оңалсын, бар болса
Сүрінген, құлаған!

* * *

Өзгерді де заманым,
Болды “түлкі” адамың.
Сырт бергенде барлығы,
Меніменен бір қалған —
Ақ қағаз бен қаламым.



ҰЛЫМ — МҰРАТТЫҢ РУХЫНА

Мұрат ұлым!

Туған күнің дәл бүгін,
Ал, сен жоқсың...

Қалды жылдар... Қалды күн.
Қара тас боп, қырдан қарап сен тұрсың,
Сені ажалға байлап берген құды іздеп,
Ізін бағып жүрмін әлі қандының.

Басына кеп, саған құран бағыштап,
Қайттым бүгін тас бейненді тағы ұстап.
Қалғандарға саулық тілеп Алладан,
Қайттым сені Жер-Анаға табыстап!..

* * *

Жас шынарым!

Құлыным!

Мұрат балам!

Мына тағдыр кімдерді жылатпаған.
Сен — бұлақсың, кенеттен тоқтай қалып,
Тасқа айналып, қырға кеп, тұрақтаған.
Қорғамасаң әкенді рухымен,
Сені ажалға байлаған қанды қолдар —
Енді маған қол салмақ, құлап барам!..
Рухыңмен жәрдем бер, Мұрат балам?!

* * *

Өмірдің өткелінде, белесінде,
Мандайға жазылғанды көресің де.
Бәрін айт та бірін айт, ой, бауырым,
Тағдыр ғой әділ қазы — төрешің де.
Адал жан шындық іздеп, шырылдаса, ...
Қанішер бал жалаған... Сенесің бе?!
Талайлар «тақта» отырып, баққа оранған,
Екі ауыз сөзі қалмай ел есінде!
Қанаты қайырылғанда хас қыранның,
Ойнақтаған сары шымшық төбесінде.
Бұлбұлға қара қарға ән үйретсе,
Сөгесің бе тағдырды, көнесің бе?!
Білмеймін, бәрі осының жазымыштан ба,
Мандайға жазылғанды көресің де.
Байлық үшін баласын әкесі атып,
Анасын қызы өртеді! Сенесің бе?!.

Жаралған адам жоқ
 сынбайтын темірден.
 Дәм бітсе, өтеміз
 бөріміз өмірден.
 Батыр да, ақын да,
 Ғұлама мен надан да,
 Патша да, басқа да,
 Изгі іні, жақсы аға
 Ғұмыры біткен соң,
 Қара жер құшаққа ал,
 Кебіні — түсі әппақ,
 арулап көмілген.
 Қарашы, қалды әне,
 Байлық, даңқ, атағы.
 Енді оны Жер — бесік
 тербетіп жатады.
 ... Ал, мұнда тағы да
 таң күліп атады.
 Күннен соң түн кіріп,
 Ару — Күн батады?!
 Ал, әлгі бақилық пендені
 Жер — бесік
 тербетіп жатады!
 Енді оған қажетсіз
 Байлық та, ақша да.
 Берсе де бармайды
 зор мансап, «таққа да».
 Қырқысу, жауласу,
 бәсеке жоқ мұнда.
 Билігі жүрмейді
 Әкім мен соттың да...
 Қара жер құшақтап,
 Кебіні — түсі әппақ
 Көр — бесік тербетіп,
 Жатады кешегі тірілер —
 Мына әсем мазарлар,
 Мөр-мөр көк мүсіндер —
 Кешегі жайсаңдар,
 Кешегі ірілер.
 Айыбы болса да
 Тағзым ет соларға,
 Бүгінгі Тірілер!?

* * *

Жетісу — жәннатты өлке, көркем жерім,
Алатау, асқарыңды көрсем дедім.
Орман! Тау! Сайын дала! Өзен-көлдер!
Сөйлейсің жырым болып, өлкем менің.

Сұлулық, тауларыңда тұлға бөтен,
Соғысын жүрегіңнің тындап өтем.
Тарихыңда тасқа ойылған жыр бар екен,
Еліңде береке мен нұр бар екен.

Сара ақын, Сүйімбай мен Жамбыл дара,
Лияс — жыр — Құлагер! Нандың ба, аға.
Ұлы шыңдай таланттар өскен жер бұл,
Мұқағали ауылына бардың ба, аға!?

* * *

Көздің құрты — дүние,
Ит те, құс та жинаған.
Өлсек соған кім ие,
Етжақынға қимаған?..

* * *

Көңлім неге еш нәрсеге құлықсыз?
Өмірім неге салқын әрі сұрықсыз?
Бәлкім, маған сынап сұрақ қоярсыз,
Келеке етіп, асқақ қарап тұрып Сіз...

Рас, алыс кеткенім жоқ арлы ойдан,
Байлық қуып шаршамадым шалғайдан.
Ой жеткенге егер қолым жетпесе,
Барлығы да жазымыштан ол, маңдайдан!

* * *

(Абай ізімен)

Өмір — шолақ,
Адам — қонақ,
Күлдік... Жүрдік,
Бастан жастық өтпестей!
Ойлан, бала,
Енді қара.
Бөрі — қалған,
Болып арман,
Созсаң қолың жетпестей.

Несін айтам,
Адам — сайтан,
Атқан! Сатқан!
Пайда тапқан.
Ор да қазған досына.
Тек өзі үшін,
 салған күшін
Пенде шіркін осы да!

ӘКЕМНІҢ ЕСКІ ҚЫСТАУЫ

Осы жұртта жастығы өткен әкемнің,
Мен — баламын. Сезім-мөлдір. Әсем — күн.
Өткен күнді хаттап, жазып кетейін,
Әй, бәйбіше, қаламымды әпергін!

Ескі жұртта қалған балғын іздерім,
Қыс пен жазым, гүл — көктемім, күздерім.
Салып барып тура елу жыл араға,
Әке, сенің іздеріңді іздедім.

...Содан бері қаншама ай мен жыл ақты,
Көрдім барып жаңа ашылған бұлақты.
Әкем бе деп елендедім тау жаққа,
Келе жатқан қартты көріп құла атты.

Қия жолдар, қырат-белдер қалпында,
Тек сен жоқсың, аңқылдаған нар тұлға.
Әбе атанып өттің мына өмірден,
Шын тілеуің — ұрпақ қалды артыңда.

* * *

*«Жетіп жатыр маған белгі болуға,
Туған жердің қарапайым біртасы»*

Қады Мы за-Әли

Сен де — адамсың.
Мен де — адаммын.
Ол да — адам.

Бірін-бірі сынап, түзеп, қолдаған.
Кісі... Адам... Азамат бар және де,
Ал, осыны айырмасаң, сол жаман.
«Кісілігі жоқ» деген сөз — ауыр сөз,
«Адам емес» деген сөзге қорланам.

Сауал қоям. Ал, жауап бер табанда,
Сезімі жоқ сергелден жан — адам ба?
Шын азамат — елдің қамын ойлайды,
Бақыт тілеп маған, саған, оған да.
Кісілер көп. Адамдардың ішінен
Іздегенде азаматты табам ба?

Әкім... Ақын... Ауқатты мен кедейді
Адам дейді. Адам демей не дейді?!
Шын үңіліп, назар салып қарасаң,
Адам аз боп, майда кісі көбейді.
Ал, азамат — нар азамат ешқашан:
«Мен мынаны тындырып ем», — демейді.

Ел түзелсе, азаматтар арқасы,
Жер түзелсе, азаматтар арқасы.
Бар халықты бақытты ете алмайды,
Кісімсінген байшыкештің қалтасы.
Бабам үшін, адам үшін тым қымбат,
Туған жердің әр шок гүлі, әр тасы.

* * *

*Қол ұзындығыңа қарап,
Бар малыңды айттың,
Мен қобызыма қарап,
Арманымды айттым...*

Өмі зақ Қожамұ атов

Туған ауылға барып,
Құлазып қайтты көңілім.
Туған бауырға налып,
Жүрегім суып, жерідім.

Зәлім Қарабайдай боп,
Ағам қатып алыпты.
Қисық қарағайдай боп,
Сараң қатын алыпты.

Аға үлкендік жасап,
Қорғап, қорған болмай ма?
Сезем, білгені осы-ақ,
Шала ойы шалғайда...

* * *

*«Біз адамдар, несіне мақтанамыз,
істеместі істеп ап ақталамыз».*

Қады Мы за-Әли

Күйіп, налып қылығына заманның,
Көріп, танып кемшілігін адамның,
Ой жеткенге қолым жетпей болдырып,
Бейбақ жүрек! Арттым ба мен саған мұң?!

* * *

Бауыр, доспен дүние үшін қырқысып,
«Өзіме!» — деп, өзгемен бет жыртысып,
Қарабайдай қатып алған пендем-ай,
Шығайбайдай дым шығармай тыртысып!

МІНЕЗ

Шарт ете қалам шоқ болып,
Тізгінге көнбей мінезім.
Кеудемде жалын-от толып.
Қиналам сосын... бір өзім,
Қинайды кейде мінезім.

Жарқ етіп көңіл — аспаным,
Сейілер ашу, басылар.
Түзелуім де қас-қағым,
Өмір-өзен ғой... тасынар.
Шашу боп тың жыр шашылар.

Мінезім менің — шақпа-шұқ,
Артында зілі жоқ бірақ.
Арқалы жанды ап қашып,
Сезім-тай жүрер шапқылап.
Шығарып «шерін» жақсылап.

Лап ете қалам от болып,
Өзіме өзім бағынбай.
Іздеген ойым жоқ болып,
Тығылып сыйқыр сағымдай,
Қинайды кейде табылмай.

Осындай сөтте бұрқанам,
Кенеттен соққан дауылдай.

Ашуға жақын бір табан,
Ауырам... әрі ауырмай.
Құтырып,.. тынған дауылдай...
Нәсерлі қара жауындай.
Мінезім менің, мінезім!

* * *

Заман сырын, көріп өмір тартысын,
Мен де өткердім ғұмырымның жартысын.
Арман бар ма жанған жанда от болып,
Бәрін көрген, барын берген халқы үшін.

Табам дедім, ашам дедім шындықты,
Сүріндірді, түңілдірді «бір мықты»
Іздеп жүріп әділдікті заманнан,
Сол заманнан көрдім небір сұмдықты.

Қалталының айтқанынан шыға алмай,
Опасыздар қазған орға құлардай.
Шындықты айтар нән ағалар жер шұқып,
Қалтырайды өз орнында тұра алмай.

Көрдім небір алаяқ пен сатқынды,
Кей жағымпаз баққа оранып, «тақ» мінді.
Ей, Уақыт! Неге ездерді өрлетіп,
Босағаңа байлайсың сен жақсыңды?!

Кей талантты Құлагердей құлатып,
Адал жанды шыңырауда жылатып,
Ақ, қараны дер кезінде айырмай,
Сен де кейде шатасасың, Уақыт!

Заман сырын, танып тағдыр тартысын,
Оймен екшеп жүрген жолдың әр тұсын.
Қолым жетпей ойым жеткен биікке,
Өткеріппін өмірімнің жартысын!

* * *

(Тағы да Абай ізімен)

Жылдар өтер,
Жылдам өтер.
Соққан желдей,
Аққан селдей
Зырлап өтер.

Жаршы — күнді,
Бар сырынды
Уақыт, шіркін,
Тындап өтер,
Мұңмен өтер,
Сырмен өтер.
Өмір — кеме,
Уақыт — сыншы.
Айлар, күндер
Жыр боп өтер.
Өкпе айтамыз
Жылға текке.
Ренжиміз
Күнге бекер.
Бола алмайды
өмір ылғи,
Болған емес
Бал мен шекер,
Өмір — тағдыр,
Келер, кетер.

ӨМІР — ЖАЛҒАН

«...Қайран қайғысыз, қамсыз күндерім...»

Шөкәрім.

Бұл сөзіме сенсең де, сенбесең де,
Аз күндікпіз пәниде мен де, сен де.
Байлық өмір болмайды. Қалар бәрі,
Босағанды алтынмен зерлесең де.

Жылдар өтіп, нұр тайып жанардағы,
Сарқылады адамның бар арманы.
Көздің құрты — дүние, мансап пен даңқ,
Күнің бітсе, артында қалар бәрі...

Тіршілікте көңіл — құс, сонарлайды,
Заман — түлкі. Адамды сол алдайды.
Бәрінен де амандық қымбат, достар,
Таудай алтын, ол да өмір бола алмайды.

Сыр айтайын, сен бұған нанамысың,
Ғұмыр қымбат. Ар қымбат адам үшін.
Біреу жанын сағады байлық көрсе,
Соған менің өртеніп, жанады ішім.

Соған менің қайнайды зығырданым,
Жалған екен мына өмір — ұғынғаным.
Іңкөр болып өтемін, ей, дүние,
Көкірегімнен ұшқанша шыбын жаным.

Қуандым да қиналдым, елжіредім,
Қандай жол түр алдымда енді менің?..
Арман — қанат, сезімді серік етем,
Ақырғы сәт біткенше соңғы демім.

* * *

Балам менен сұрады:
— Не болады ертең? — деп.
Тырысып-ақ көрдім мен,
Анық жауап берсем деп.
Айтшы, досым, алайда
Келер күннің тағдыры,
Немен, қалай өлшенбек?..

Мен балама не дейін?
Білмей тұрмын өзім де.
Не болса да тағдырды,
Көреміз де кезінде.
Өтер көрген бейнет те,
Тапшылық та жоғалар,
Келер күнмен безінбе.

* * *

Қолым жетпей ойдағы бір белеске,
Шаршап жүрмін әр таңда. Түнде. Кеште.
Аңқылдап-ақ жүруші ем, қан салқындап,
Енді, міне, айналдым «үндемеске»...

* * *

Ой мүжіп, қан салқындап, күлкім кеміп,
Тұрғандай бақыт маған сыртын беріп.
Бабалардың рухы жебеп, қолдап,
Қуат берер Құдайым, мүмкін келіп.
Ал, әзірге бәрі түр сыртын беріп...

* * *

«...Дәм таусылса, білмеймін,
Сөзім қайда қаларын.
От боп жанған лапылдап,
Сөзім қайда қаларын...

Өлшеулі өмір шын бітсе,
Өзім қайда қаламын?..»

Толғанам да осылай,
Ашам өмір парағын.
Қарсы алады, досым-ай,
Жаңа таң мен жаңа күн.
Жұмбағы көп жалғанның,
Тілін қалай табамын,
Жоғын немен жабамын?..

* * *

Мен саған айтар болсам анық сырды,
Тынымы жоқ тіршілік жалықтырды.
Егер өмір шынымен теңіз болса,
Еркін жүзе де алмадым балық құрлы.

Талдырдым арман қуып қанатымды,
Тауыстым күте-күте тағатымды.
Адал болам деп жүріп көштен қалдым,
Бәрі «пысық» мына елдің, бәрі «ақылды».

Бақ бермесе пенденің бар ма амалы,
Өмірде әркім өзінше жан бағады.
Біреулер байлық үшін бәрін сатса,
Біреулер бұл қылықтан арланады.

Біреуде атымен жоқ уайым-қайғы,
Біреулер қу дүниеге тойынбайды.
Тақтан құлап қалған соң мансап құлы,
Пенделігін амалсыз мойындайды...

Біреу өтер байлықпен баққа оранып,
Біреу өтер тепендеп, жоққа налып.
Біреу жүрер біреуге септесем деп,
Біреу жүрер мылтығын оқтап алып.

Ал, мен жүрмін арманды желкен етіп,
Найзағай ой кеудемді өртеп өтіп.
Шын жанымды түсінер қайсың барсың,
Мандайымнан сипайтын еркелетіп?..

Өмірден бұлбұл да өткен нелер үнді,
Іздеп ем, — таба алдым ба керегімді.
Мына өмірге не бердім, не тындырдым,
Білмей тұрмын еліме не дерімді...

* * *

Дөңгелегі төрт бүктелген арбадай,
Қысқа ғұмыр..

Іңкәр дүние...

Арман-ай!..

Кешкен өмір, көрген бақыт — барлығы
Көрген түстей өте шықты жалған-ай?!.

* * *

Елге келе жатырмын,
Ақ сағымдай арман-ай.
Жарқылындай жасынның,
Жастығымның қалғаны-ай!..
Пендеміз ғой, пендеміз,
Сөйледік те талғамай...
Сақта, Құдай, қалғаннан
Қыран сынды самғамай.
Қорғасындай салмақпен
Кеудеме ойдың толғаны-ай!..

БОЗДАҚ

(Тағы да ұлым Мұраттың рухына арнаймын)

Үшпай шеккен, Ұларым...
Ақпай тынған, бұлағым.
Көшкен қара бұлттай боп,
Қайда кеттің, шырағым?!.
Таңда кіріп келер деп,
Жолды күтіп елендеп,
Жыламадым. Шыдадым!
Жаратқанға жалынып,
Тек жақсылық сұрадым...
...Сені «Өлді», — деп естіді-ау,
Керең болғыр құлағым!..
Көріп өлі денеңді,
Айдалада құладым!
Панам болар деуші едім,
Жас Шынарым...
Құладың!..